

**Қазақ тілі**  
**2021-2022 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы бөбекжай -балабақша: «Дарын»

Топ: ересек «Құлышашақ»

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2021-2022 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметі</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері</b>
Ақпан	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"><li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</li><li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;</li><li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</li><li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</li></ul> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ұжымдық әңгімелегенде қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және</p>

сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көнілкүйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Қазақ тіліне тән ө, і, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.

### **Сөздік қор.**

Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, өз бетінше ретімен қайталап айтуда, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауда, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойладап табуға баулу.